



Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округінің Келлеровка ауылындағы атауы жоқ көшелерге атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 сәуірде № 7300 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және Келлеровка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округінің Келлеровка ауылындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

№ 1 атауы жоқ көше – Абай Құнанбаев көшесі;

№ 2 атауы жоқ көше – Мағжан Жұмабаев көшесі;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келлер ауылдық округінің әкімі

Д. Ильясов

Келлер ауылдық округінің әкімі

2021 жылғы 15 сәуірдегі

№ 11 шешіміне

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округінің Келлеровка ауылындағы атауы жоқ көшелерге атаулар беру туралы схемалық карта



Абай Құнанбаев
Мағжан Жұмабаев

Шартты белгілер:

- № 1 атауы жоқ көше - Абай Құнанбаев
- № 2 атауы жоқ көше - Мағжан Жұмабаев

Келлер ауылдық округінің әкімі

Д. Ілиясов



Активация V
Чтобы активировать

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК